

Темір ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 12 қыркүйектегі № 195 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 қыркүйекте № 5658 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 22 тамыздағы № 149 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 22.08.2022 № 149 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27 баптарына сәйкес, Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Темір ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Садықоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Жүсібалиев

Темір ауданы әкімдігінің 2017 жылғы
12 қыркүйектегі № 195 қаулысына
қосымша

Темір ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 18.03.2021 № 51 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекендердің атауы	Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар
	Ақсай ауылдық округі	
1	Ақсай ауылы	Төсбұлақ көшесі, № 4 Ақсай ауылдық Мәдениет үйінің алды

	Алтықарасу ауылдық округі	
2	Алтықарасу ауылы	Астана көшесі бойындағы №16 үйдің сол жағы
	Жақсымай ауылдық округі	
3	Шұбарқұдық ауылы	Мектеп көшесі, №7 үйдің алды
4	Шұбарқұдық ауылы	Мектеп көшесі, №14 үйдің алды
	Қайыңды ауылдық округі	
5	Құмқұдық ауылы	Мектеп көшесі бойындағы №11 үйдің сол жағы
	Кеңестуы ауылдық округі	
6	Қопа ауылы	Мектеп көшесі, №15 үйдің алды
7	Қопа ауылы	Орталық көшесі, №6Б үйдің алды
	Саркөл ауылдық округі	
8	Шұбарши кенті	Геолог көшесі №27А бойындағы "Жекей" сауда үйінің қарама-қарсы беті
	Тасқопа ауылдық округі	
9	Тасқопа ауылы	Астана көшесі №17 бойындағы "Әсем" дүкенінің сол жағы
	Темір қаласы	
10	Темір қаласы	М.Маметова көшесі №20 бойындағы "Жомарт" дүкенінің алды
	Кеңқияқ ауылдық округі	
11	Кеңқияқ ауылы	Балуанов көшесі №27 мекенжайында орналасқан ғимараттың арты
	Шұбарқұдық ауылдық округі	
12	Шұбарқұдық кенті	Нұрпейіс Байғанин көшесі №1 бойында орналасқан бес қабатты тұрғын үйдің арты
13	Шұбарқұдық кенті	Нұрпейіс Байғанин көшесі №83 бойындағы "Ханым" дүкенінің оң жағы
14	Шұбарқұдық кенті	Қызылжар шағын ауданы №4Е учаскесі "Люкс" монша ғимаратының алды
15	Шұбарқұдық кенті	Асау барақ көшесі №7 мекенжайында орналасқан ғимараттың алды